

Радиоқабылдағыш DEXP RS850

Аспаптың қолданылу мақсаты

Радиоқабылдағыш — антеннаға жалғанатын және радиомен қабылдауды жүзеге асыруға, яғни радиосәулененуден сигналдарды бөлуге қызмет ететін құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
2. Құрылғыны тек қалыпты қоршаған орта температурасында сақтаңыз және пайдаланыңыз. Құрылғыны -20 °С... +60 °С аралығында дейінгі температура жағдайында сақтауға кеңес беріледі.
3. Бұл бұйымды тікелей су көзінің жанында орнатпаңыз.
4. Радиоқабылдағышты ылғалдылығы жоғары немесе шаңды жерде орнатпаңыз. Бұл оның істен шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.
5. Радиоқабылдағышпен абайлап жұмыс істеңіз. Оны соққыдан қорғаңыз.
6. Радиоқабылдағышты ешқашан қораптың ішіне оған зақым келтіруі мүмкін заттармен бірге салмаңыз. Радиоқабылдағыштың өткір заттармен жанасуына және (немесе) үйкелуіне жол бермеңіз.
7. Бұл құрылғыны балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды.
8. Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
9. Құрылғыны тек осы нұсқаулықта көрсетілген тікелей мақсаты үшін ғана пайдаланыңыз.

Пайдалану нұсқаулығы

1. Құрылғыны қосу үшін қуат көзін ажыратып-қосқышты «ON» күйіне қойыңыз.
2. Жарықты қосу үшін қуат көзін ажыратып-қосқышты «Colorful lights» күйіне қойыңыз.
3. Қажетті дыбыс деңгейін қойыңыз.
4. Қажетті жұмыс режимін (USB/SD, FM, AM, SW) қою үшін, режимдерді ажыратып-қосқыш пен «MODE» түймесін пайдаланыңыз.
 - FM радионы тыңдау үшін, телескоптық антеннаның арасын ашып, баптаңыз.
 - AM радионы тыңдауға орнатылған антенна да жеткілікті, сондықтан сигналды жақсы қабылдауы үшін құрылғыны бұрыңыз.
5. Қабылдау жиілігін реттегіштің көмегімен қажетті радиоарнаны табыңыз.
6. Сіз «PREV» және «NEXT» түймелерімен SD және USB режимдерінде тыңдалатын композицияларды ауыстыра аласыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: RS850.
- Жиілік диапазоны:
 - FM: 87-108 МГц.
 - AM: 522-1620 кГц.
 - SW: 5.9-18.0 МГц.
- Қуаты: 3 Вт.
- Қуат параметрлері:
 - AC 220-240 В, 50 Гц.
 - DC: 6 В.
- Аккумулятор батареясы: литий-ионды 7.4 В 1000 мА•сағ.
- Батареялардан қуат алу : D түріндегі x 4 дана.
- Bluetooth стандарты: IEEE 802.15.1.
- Жиілік диапазоны: 2402-2480 МГц.
- Таратқыштың қуаты: 4 дБм.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндіруші қаптамасында 5 °С... 40 °С аралығында дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерде сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтлердің буы) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтімді қажет етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда, оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қаптамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Кэшан Электроник Ко., Лтд.

Цзэнбу Луу өнеркәсіптік аймағы, Чашань, Дунгуань қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдық қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары мен жиынтықталуы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Кепілдік мерзімі: 12 ай. Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.3